

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Как видно из рисунка 1, наибольшую поддержку сельскому хозяйству оказывают такие государства, как Китай, Швейцария, Исландия. Казахстан в этом рейтинге находится на 5 месте. Доля поддержки сельского хозяйства от ВВП страны в % составляет 0,98%.

Помимо этого в развитых странах сформировалось отдельное направление сельского хозяйства – производство органической продукции. Развитие рынка органической продукции в мире показывает достаточно высокие темпы роста, несмотря на более высокие и стабильные цены в сравнении с продукцией традиционного сельского хозяйства. Отечественные продукты органического производства могут стать конкурентоспособными по отношению к зарубежным товарам вследствие внедрения системы сертификации органического производства, признанной в развитых странах мира.

Список использованных источников:

1. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013 – 2020 годы «Агробизнес – 2020» Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от «18» февраля 2013 года № 151
2. Обзор позитивного зарубежного опыта по решению имеющихся проблем, который может быть адаптирован к условиям РК, Программа по развитию агропромышленного комплекса в РК на 2013 – 2020 годы
3. Государственная Программа «Агробизнес-2020», Интернет ресурс www.kazagro.kz
4. Каталог научно-технических разработок АО «КазАгроИнновация», Экономика в АПК.

УДК 338

САЛЫҚТЫҚ АЛАЯҚТЫҚ ПЕН САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУДЫ МИНИМИЗАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шерхан Елжан Уалиханұлы

eljan-15@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - э.ғ.к., доцент Бейсенова Л.З.

Салық салудан жалтару салық салу саласындағы алаяқтықпен қоса Қазақстан Республикасының бюджет табысын жоғарылату мүмкіндіктерін және жоспарланған экономикалық саясаттың орындалуын шектейді. Эксперттердің пікірі бойынша, салық төлеушілер ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті алдында есеп бермейді, осы себептен Ұлттық бюджет оффшорлық аймақтардағы миллиардтаған АҚШ долларларына салық салынбаудан зиян шегеді.

Салықтан жалтару және салықтық құқық бұзушылық мәселелері, тіпті, әлемнің дамыған мемлекеттерінде де орын алады. Tax Justice Network-тің «Салықтық құқық бұзушылықтан залал» зерттеуінде 10 елдің бюджеті 100 миллион АҚШ доллары шамасында салықтық түсімдерден құр қалады. Олар – АҚШ, Бразилия, Италия, Ресей, Германия, Франция, Япония, Қытай, Ұлыбритания және Испания.

Салықтан жалтару әділ салық салу, яғни салық төлеу ауыртпашылығының біркелкі таралуы жолында кедергі болып табылады. Кез келген салық төлеуші, мейлі ол «көк жағалылар», трансұлттық компаниялар, ақшасын оффшорда сақтайтын бай адамдар болсын, әрқайсысы мемлекеттік бюджетке өзінің әділ үлесін қосуы керек.

ҚР мемлекеттік бюджетіне қосымша миллиард долларлар алуға мүмкіндік жасайтын шара ол - салықтық алаяқтық пен салықтан жалтаруды минимизациялау.

ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша көлеңкелі экономиканың негізі болып жалған кәсіпкерлік, яғни кәсіпкерлік қызметті атқару мақсатынсыз құрылған кәсіпорындар табылады. Олардың мәмілелері заңға қарсы мақсаттар көздейді және тұлғаға, ұйымға, мемлекетке үлкен залал әкеледі. Жалған фирмалар арқылы қылмыстық жолмен табылған табысты заңдастыру, қаражат ұрлануы, салықтан жалтару жүзеге асады. Тәжірибе көрсеткендей, құқық қорғау органдары мен қаржылық барлау органдары арасындағы байланыстың әлсіздігі негізінен заңсыз табыстарды әшкерелеуде төмен эффективтілік байқалып отыр.

ҚР экономикалық және коррупциялық қылмысқа қарсы агенттігі бұл жағдайда АҚШ-тың күмәнді қызмет жайлы банктік есептілігі және ақпараттық желілер мониторингі тәжірибесіне сүйенуге болады деп есептейді. Бұл бағытта Қазақстанда алғышарттар жасалған – жалған кәсіпорындардың жаңармалы көпшілікке қолжетімді базасы құрылған.


Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті атқарылған мәмілерге өте ұқыпты салықтық бақылау жүргізу, оның ішінде ҚҚС бойынша құжаттарды тыңғылықты тексеру ұсынылып отыр.

Айта кетерлік жайт, шетелдердегі салықтық алаяқтықтың едәуір бөлігі ҚҚС аймағында жасалады; мысалы, Еуропалық Одақ мемлекеттері ҚҚС-тың тек 50% сомасын алады. Төменде ЕО мемлекеттері ҚҚС жиналуы бойынша 1 суретте көрсетілген.

Казинформ жаңалықтар агенттігі жариялаған ақпарат бойынша 2015 жылы:

- Жалған кәсіпкерлік белгілері бар 7 333 заңды тұлға жайлы мәлімет берілген;
- 1214 салық төлеуші сот шешімімен жалған кәсіпорын танылған;
- Олардың контрагенттермен(29693 контрагент) ақша айналыс сомасы 1271,5 миллиард теңгені құраған;
- Жүргізілген шаралар нәтижесінде есептелген КТС және ҚҚС сомасы 107,6 миллиард теңге.

ҚР статистика агенттігі мәліметтерімен салыстырсақ, 2015 жылы Қазақстанда 335 926 заңды тұлға тіркелген, оның ішінде әрекеттегісі 179 292.



Сурет 1 - ЕО мемлекеттері ҚҚС жиналуы

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Ал көлеңкелі экономика үлесін азайту қашанда болса назардан тыс қалмауы шарт.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2015 жылдың қорытындылары бойынша ЖІӨ көлеміндегі көлеңкелі экономиканың үлесі 2008 жылғы 20,1 %-дан төмендеп, 19,2 %-ды құрады. Көлеңкелі экономиканың 2008 – 2015 жылдардағы ЖІӨ көлеміндегі үлесі, %-бен.



Сурет 2- Көлеңкелі экономиканың 2008-2015 жылдардағы ЖІӨ көлеміндегі үлесі, %-бен
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Көлеңкелі экономиканың негізгі үлесі (64,6 %) 4 салаға тиесілі: «Сауда» – 22,9 %, «Ауыл шаруашылығы» – 15,6%, «Көлік» – 14,1%, «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» – 12 %. Демек, ЖІӨ көлеміндегі көлеңкелі экономиканың үлесі 2005 жылғы 20,1 %-дан төмендеп, 19,2 %-ды құрағаны қандай да бір салықтық реформалар нәтижелері деп те қарауға болады.

Еліміздегі көлеңкелі экономика құрылымының жартысынан көбін бейресми қызметтер арқылы жүргізілетін тауарлар мен қызметтері өндірісі алатынын айтады. Сондай-ақ, көлеңкелі экономиканың өрістеуіне салықтың жоғарылығы, қаржы жүйесінде дағдарыс әрі оның экономикаға теріс әсері, жекешелендіру үдерістерінің жетілдірілмеуі, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы, заңнаманың жетілдірілмегендігі, заңсыз әрі криминалдық сипатқа ие экономикалық қызметтердің жолын кесудегі құқық қорғау органдарының әлсіздігі сынды факторлар тікелей әсер ететін көрінеді. Аталған әлеуметтік-экономикалық және құқықтық факторлардың көбісі ойдағыдай жүзеге асып жатқанымен, ел Үкіметі көлеңкелі экономикамен күресті жандандыру бағытында бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Яғни, іске асырылуы тиіс шаралардың тиімді түрі ретінде электронды бақылау-кассалық машиналарын орнату мен электронды есепшот фактурасын енгізу болып отыр.

Айтып өту керек, елімізде алкоголь өнімдері мен мұнай өнімдерін сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілерге арналған деректерді онлайн режимде беретін бақылау-кассалық машиналарын қолдану 2015 жылдың 1 шілдесінен басталып кеткен болатын.

Салық қызметі органдарының басты міндеті салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсі толықтығын қамтамасыз ету, салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерді орындауына салықтық бақылау жасау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады.

Салық төлеушілерді салықтық мәселелер туралы ақпараттандыру мақсатында жүргізіліп жатқан түсіндіру жұмыстары мен салықтық бақылаудың әр түрлі әдістерінің жүзеге асырылуына қарамастан салық төлеушілер салық салу объектілерін жасыруға, салық салудан жалтарудың әр қилы жолдарын жасау арқылы салық төлеуден жалтаруға бейім екендіктері іс жүзінде байқалып отыр. Заңды ұғыну мен салықтық мәдениет дәрежесі әр салық төлеушіде әр түрлі болып келеді. Олардың ішінде өз бизнесін салық салуға, анығырақ айтқанда, одан жалтаруға құратындар да бар. Бұлар халық арасында жалған кәсіпорындар ретінде белгілі. Олардың мемлекетке келтіретін залалы миллиардтармен есептеледі.

Жалған кәсіпкерлік – Қазақстанда жиі қолданылатын салықтан жалтару жолдарының ішіндегі біріншісі. Жалған кәсіпорындар несиелерді, оның ішінде мақсаттық несиелерді заңсыз алу үшін де жиі құрылады. Жалған кәсіпорындардың жалған шот-фактуралар мен басқа да есепшілік құжаттарды беру арқылы сауда құрылымдарына салық төлеуден жалтару бойынша қызмет көрсету үшін құрылған жағдаятары бар. Компаниялар оларды күмәнді келесімшарттар арқылы өз табысын асырып көрсету арқылы салық төлеуден жалтару үшін пайдаланады. Әдетте жалған кәсіпорындар жоғалған құжаттар арқылы тіркеледі.

Таралу бойынша екінші (және қарапайымдылығы бойынша бірінші) салық салудан жалтарудың жолы бақылау-кассалық машиналарын қолданбау деп танылады. Қызметтердің басым бөлігі кассалық аппараттарды қолданусыз қолма-қол есеп айырысу арқылы көрсетілетіні айқын. Бұндай жағдай тұтынушылар тауарды сатып алу кезінде чек талап етпейтіндіктен орын алып отыр.

Үшінші орынды ҚҚС-ны экспорттаушыларға қайтарумен байланысты жоспарлар алады. Кей салық төлеушілер бюджеттен қайтарылуға жататын ҚҚС-ның асырылуын қасақана өсіріп көрсетеді. Мысалы, «А» компаниясы өзіне үлестес «В» және «С» компанияларынан өсірілген бағамен өнім сатып алады, сосын ол өнімді экспортқа төмендетілген бағамен шығарады, бюджеттегі ҚҚС-ның орныны толтырады да шығындарға қатысты КТС төлемейді. Кейбір экспорттаушылар таратылған кәсіпорындардан немесе банкрот кәсіпорындардан қызмет қабылдаған болып, қайтарылуға тиісті ҚҚС-ның асырылуын өсіру жоспарын пайдаланады. Астық экспортымен байланысты салық төлеуден жалтару жолдары да осы қатарда тұр. Жекелеген жағдайларда экспорттаушы іс жүзінде өндіруші болып табылатын, бірақ кәсіпорындар тізбегі арқылы қайтарылуға жататын ҚҚС сомасын өсіретін үлгілер қолданылады. Аталмыш жоспардың атап өтерлік тағы бір тұсы: мемлекет өндірушілерге салынған ҚҚС сомасына 80% көлемінде жеңілдік береді, бұл ретте кейбір азаматтар бұл жеңілдікті қаржылай түрде қайтарғысы келеді.

Төртінші орында – әдетте құрылыс саласында қолданылатын үлгілер. Бас мердігер «кілтке тапсырылатын» құрылыс жұмыстарын жасау үшін мердігерлер мен қосалқы мердігерлерді тартады, бұл ретте бұл үшеуінің заңдық тұрғыдан өзара қарым-қатынастары болмаса да, олар бір-бірімен байланысты тараптар болып табылады. Қолданыстағы заңнама жұмысты қосалқы мердігерден мердігерге және мердігерден бас мердігерге 15-тен 40%-ға дейінгі баға өсімімен беруге мүмкіндік береді. Бұған қоса құрылыста үнемі бастапқы сметаға енгізілмеген қосымша жұмыстар жасалады. Осылайша тұрғын ғимараттардың құрылысы заңнамалық тұрғыдан ҚҚС-дан босатылғанына қарамастан, мемлекет оның үстіне тиісті КТС сомаларын да толық көлемде ала алмайды. Бұндай үлгілер тек құрылыста ғана емес, тауарлар импорты кезінде де қолданылады.

Салық төлеуден жалтару фактілерін анықтау үшін Астана қ. бойынша Салық департаменті қаржылық-шаруашылық әрекетті, олардың салықтық жүктемесін талдау, салық есептілігі нысандарын әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттармен салыстыру, яғни камералды бақылау жүргізу арқылы салықтық әкімшілендіруді күшейту жұмыстарын жүргізуде.

Салық органы алынған мәліметтер мен салық төлеушілер тапсыратын салық есептілігі нысандарының негізінде салық заңнамасын бұзу жағдаяттарын анықтауға қатысты камералды бақылау жүргізеді, бұндай жағдаят анықталса, салық төлеушіге ҚР Салық кодексінің 607-бабына сәйкес қателіктерді түзету туралы хабарлама жіберіледі, салық төлеуші оны қосымша салық есептілігін тапсыру арқылы 30 жұмыс күні ішінде орындауға міндетті. Камералды бақылау нәтижесінде анықталған қателіктерді түзету туралы хабарлама орындалмаған (уақтылы орындалмаған) жағдайда, Салық кодексінің 611-бабына сәйкес салық органы барлық банк шоттары бойынша шығыс операцияларын түгелімен тоқтатады.

Салық төлеуші мен салық органы арасында ақпарат алмасуды электронды түрде жүргізу туралы келісім жасалған жағдайда, хабарлама салық органы оны электронды байланыс арқылы жібергеннен кейін 5 жұмыс күннен соң тапсырылған болып саналатынын атап өту керек.

Бүгінгі таңда автоматтандырылған камералды бақылау заңсыздыққа бет алған салық төлеушілермен жұмыс істеудегі тиімді жолдардың бірі болып табылады.

Бұған қоса Салық департаментіне мемлекеттік көтере сатып алулар бойынша тендерлерге қатысып, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар тапсырысы бойынша түрлі жұмыстар жасауға бюджеттен қаржы алған салық төлеушілер туралы мәліметтер келіп түседі, бұл жағдайда да тапсырылған салық есептілігі нысандарын талдау кезінде табысты азайтып көрсету, салық есептілігін тапсырмау түрінде салық заңнамасын бұзушылықтарды жіберген салық төлеушілер анықталады. Тұрақты салық төлемейтіндерге қатысты Салық департаменті бағдарламалар әкімшілеріне мемлекеттік көтере сатып алулар бойынша тендерлерге қатысуға жібермеу және бұның алдында жасалған келісімшарттарды бұзу туралы ұсыныс жібереді.

Камералды бақылау арқылы салық органында тіркелмеген әрі салық төлеместен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар анықталады. Мәселен, салық органында тіркелмеген, қолма-қол ақшамен жұмыс істеу барысында бақылау-кассалық машиналарды қолданбайтын азаматтарды, сондай-ақ сауда саласында қызмет атқаратын дара кәсіпкерлердің табысты жасыру не төмендетіп көрсету фактілерін анықтау мақсатында салық басқармалары сауда үйлеріне, өндірістік базаларға жалға алушыларға, жалға беру төлемінің сомасына қатысты мәлімет беру туралы сұраулар жібереді.

Салық заңнамасын бұзудың жоғарыда аталған барлық фактілері білместікпен жасалды деп айтуға болмайды, бұл жерде азаматтардың өз істерінің беті ашылмайтынына орынсыз сенімде болғандары байқалады, дегенмен салық органдарындағы салықтық бақылау әдістері күннен күнге шыңдалуда, сол себепті салықтық бақылау назарынан ешкім де тыс қалмасы анық.

Камералды бақылаудың Астана қ. бойынша Салық департаментінің салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтарумен күресуге бағытталған жұмыстардың бір бөлігі ғана, сол себепті әлеуметті бизнес жүргізу барысындағы адалдыққа шақырғымыз келеді, өйткені Конституцияға сәйкес салық төлеу әр азаматтың борышы мен міндеті болып табылады.

Алайда көпшілік арасында заңды түрде белгіленген салықтарды төлегенше, пара берген жеңілірек деген пікір бар, бұған қатысты айтарымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қолының сұғанағы бар мемлекеттік қызметкерлерге ғана емес, пара берушілерге қатысты жүріп жатыр әрі «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңға енгізілген соңғы өзгерістерге сай бұндай қылмыстарға қатысты жауапкершілік күшейтілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы : «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» -Астана, 30.11.2015ж.
2. Салық саясаты жаһандық қатерлерді ескеруі тиіс. Қ.Тоқаев /Түркістан –Халықаралық саяси апталық газет 02.12.2015ж
3. Көлеңкелі экономикаға қалай кедергі боламыз?<http://www.m-astana.kz>
4. Салық саясатын тиімді әрі сауатты жүргізу - уақыт талабы <http://kazinform.kz/kaz/12> қазан 2015.